Review by the Foreign Scientific Consultant, Professor Yücel Gelişli, PhD, of the dissertation entitled "Psychological Influence of Students' Critical Thinking on the Development of Their Emotional Intelligence", submitted by Zhumakul Maratovna Molbassynova, doctoral candidate at Al-Farabi Kazakh National University, for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the educational programme 8D03107 – Psychology

REVIEW

The dissertation addresses one of the pressing issues in contemporary psychological science, namely the psychological influence of students' critical thinking on the development of their emotional intelligence. In the context of rapid transformations in the educational environment and the growing demands placed on students' intellectual and emotional development, the investigation of the interrelationship between critical thinking and emotional intelligence, as well as its psychological effects, has acquired particular significance.

Although a body of research exists on individual aspects of critical thinking and emotional intelligence, the psychological mechanisms underlying their interrelationship, the specific features of their mutual influence, and the conditions for their development within the educational process remain insufficiently explored and require further theoretical examination and empirical investigation. Of particular scientific importance is the identification of the psychological factors through which the development of critical thinking contributes to understanding the components of emotional intelligence and to the formation of self-regulation, empathy, and the capacity for constructive interpersonal interaction.

The present dissertation research aims to deepen scientific understanding of the psychological characteristics of the influence of students' critical thinking on the development of emotional intelligence, as well as to identify the mechanisms of this psychological influence and the psychological and pedagogical conditions that determine it.

The findings of the study are of considerable theoretical and practical value for the education system. By addressing topical issues in contemporary psychology, the dissertation provides a deeper understanding of the interrelationship between students' critical thinking and emotional intelligence, identifies the specific features of their psychological development, and proposes evidence-based approaches to enhancing students' intellectual and emotional capacities within the educational process. Furthermore, the results make a substantial contribution to improving the psychological and pedagogical practice of educational institutions and to the further advancement of research in this field.

In the theoretical part of the dissertation, the candidate provides a comprehensive scholarly analysis of students' critical thinking and emotional intelligence as key psychological characteristics of the learner. The candidate examines in depth the theoretical foundations of research on critical thinking, its structural components and the specific features of its development in students, as well as the psychological essence and structure of emotional intelligence. Particular

attention is devoted to the psychological mechanisms through which critical thinking influences the development of emotional intelligence, and the psychodiagnostic instruments and research methods aimed at establishing their interrelationship are rigorously substantiated.

The central scientific problem addressed in the dissertation is distinguished by its depth of content, breadth of scope, and psychological specificity. In the course of the research, the candidate conducted a comprehensive theoretical review of domestic and international literature on critical thinking and emotional intelligence, systematising and articulating their theoretical and methodological foundations. The candidate investigated the principal psychological components of critical thinking and emotional intelligence in school students, established the interrelationship between them, and substantiated it through empirical findings. The candidate also selected psychological methods for assessing students' critical thinking and emotional intelligence and provided scientific justification for their appropriateness to the aims of the study. In addition, the candidate developed a psychological model and a developmental programme aimed at fostering students' critical thinking and emotional intelligence in an educational institution, and tested them through experimental work. Drawing on the results obtained, the candidate evaluated the effectiveness of the model and the developmental programme, analysed the outcomes of the psychological intervention, and formulated sound scientific conclusions.

Zhumakul Molbasynova conducted a comprehensive analysis of the key scientific concepts and theoretical frameworks relevant to the research topic, examined the psychological essence and structural components of critical thinking and emotional intelligence, developed the "Model for Investigating the Influence of Critical Thinking Indicators on the Components of Emotional Intelligence", and designed the empirical study. Having selected the variables and methods, she chose instruments to determine the psychological influence of the independent variable (indicators of critical thinking) on the dependent variable (components of emotional intelligence) and confirmed the positive effect of the expected outcomes by means of mathematical and statistical methods.

Using Spearman's correlation analysis, the candidate identified and demonstrated a statistically significant positive correlation between the dimensions of critical thinking and the components of emotional intelligence ($\rho = 0.662$; $p < 0.001$). The results revealed statistically significant and relatively strong positive correlations between critical thinking indicators, such as critical analysis, evaluation of evidence, and problem solving, and the emotional intelligence components of managing, understanding, recognising, and effectively using emotions, thereby providing scientific substantiation for this relationship. Moreover, on the basis of analysis of variance (ANOVA), the candidate identified clear positive changes in the dependent variable (the components of emotional intelligence) in the experimental group compared with the control group over the three-year study as a result of developing the independent variable (critical thinking), thus scientifically substantiating the effectiveness of the formative developmental programme. The

results obtained demonstrated the scientific and practical value of the indicators used in evaluating the effectiveness of the psychological intervention.

One of the candidate's most significant scientific and practical outcomes is that the developmental programme, together with the teaching and methodological manual developed jointly with the school psychologist and teachers at the research site, is designed for application in educational practice, taking into account the psychological influence of critical thinking on the development of emotional intelligence.

It should be particularly noted that Zhumakul Molbassynova has published 17 scientific articles on the topic of the dissertation. This attests to the productivity of the candidate's research, her systematic engagement with the research problem, and her active involvement in scholarly activity.

Throughout the research, the candidate effectively employed a range of psychodiagnostic instruments and appropriate statistical techniques to address the scientific problems posed, thereby obtaining results of both scientific and practical significance.

The structure and content of the dissertation meet the requirements for scientific research. The candidate has substantiated the theoretical propositions and empirical findings on a sound scientific basis and presented them in a coherent and systematic manner.

On the basis of the foregoing, I evaluate positively Zhumakul Molbassynova's dissertation entitled "Psychological Influence of Students' Critical Thinking on the Development of Their Emotional Intelligence" as a completed piece of research of scientific, theoretical, and practical significance. I support its submission for defence and consider that there are full grounds for awarding the candidate the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the educational programme 8D03107 – Psychology.

Foreign Scientific Supervisor:

Yücel Gelişli
PhD, Professor
Gazi University
(Ankara, Türkiye)
Tel.: +90 505 319 23 95
E-mail: ygelisli@gmail.com

29.09.2026

Шетелдік ғылыми кеңесші, PhD докторы, профессор Южел Гелишлидің Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің диссертанты Молбасынова Жумакул Маратовнаның 8D03107 - Психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Диссертациялық жұмыс қазіргі психология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі – оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсерін зерттеуге арналған. Білім беру ортасындағы қарқынды өзгерістер және оқушының интеллектуалдық әрі эмоциялық дамуына қойылатын талаптардың артуы жағдайында сыни ойлау мен эмоциялық интеллект арасындағы өзара байланыс пен оның психологиялық әсерін зерттеу ерекше маңызға ие болып отыр.

Сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің жекелеген аспектілеріне арналған ғылыми зерттеулердің бар екеніне қарамастан, олардың өзара байланысының психологиялық механизмдері, бір-біріне ықпал ету ерекшеліктері және білім беру үдерісіндегі даму жағдайлары әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген және одан әрі теориялық тұрғыдан зерделеу мен эмпирикалық зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Сыни ойлаудың дамуы эмоциялық интеллекті компонеттерін түсінудің, өзін-өзі реттеудің, эмпатияның және тұлғааралық қарым-қатынасты сындарлы түрде жүзеге асыру қабілетінің қалыптасуына ықпал ететін психологиялық факторларды анықтау ерекше ғылыми маңызға ие.

Аталған диссертациялық зерттеу оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына әсер етуінің психологиялық ерекшеліктері туралы ғылыми түсініктерді тереңдетуге, сондай-ақ сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсер ету механизмдерін және осы әсерді айқындайтын психологиялық-педагогикалық жағдайларды анықтауға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері білім беру жүйесі үшін маңызды ғылыми және практикалық мәнге ие. Өйткені диссертациялық жұмыс қазіргі психологияның өзекті мәселелерін қамти отырып, оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісі арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге, олардың психологиялық даму ерекшеліктерін анықтауға және білім беру үдерісінде интеллектуалдық әрі эмоциялық қабілеттерін жетілдірудің ғылыми негізделген жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық тәжірибесін жетілдіруге және осы бағыттағы ғылыми зерттеулердің одан әрі дамуына елеулі үлес қосады.

Диссертант диссертациялық жұмыстың теориялық бөлімінде оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін оқушының маңызды

психологиялық сипаттамалары ретінде жан-жақты ғылыми тұрғыдан талдаған. Сыни ойлауды зерттеудің ғылыми-теориялық тұғырлары, құрылымдық компоненттері мен оқушыларда даму ерекшеліктері, сондай-ақ эмоциялық интеллектінің психологиялық мәні мен құрылымын терең қарастырған. Сыни ойлаудың эмоциялық интеллектінің дамуына ықпал етуінің психологиялық механизмдеріне ерекше назар аударып, олардың өзара байланысын анықтауға бағытталған психодиагностикалық әдістемелер мен зерттеу тәсілдерін ғылыми тұрғыдан негіздеген.

Диссертациялық зерттеу аясында қарастырылған негізгі ғылыми мәселе өзінің мазмұндылығымен, ауқымдылығымен және психологиялық ерекшеліктерімен сипатталады. Диссертант зерттеу барысында сыни ойлау мен эмоциялық интеллект мәселелеріне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты теориялық талдау жүргізіп, олардың ғылыми-әдіснамалық негіздерін жүйелеген және тұжырымдаған. Мектеп оқушыларының сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің негізгі психологиялық компоненттерін зерттеп, олардың арасындағы өзара байланысты анықтаған және эмпирикалық зерттеу нәтижелері арқылы негіздеген. Оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін диагностикалаудың психологиялық әдістерін іріктеп, олардың зерттеу мақсатына сәйкестігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген. Сонымен қатар, білім беру мекемесінде оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамытуға бағытталған психологиялық модель мен дамыту бағдарламасын әзірлеп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы сынақтан өткізген. Диссертант жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, әзірленген модель мен дамыту бағдарламасының тиімділігін бағалап, психологиялық әсер ету жұмыстарының нәтижелілігін талдаған және тиісті ғылыми тұжырымдар жасаған.

Жумакул Молбасынова зерттеу тақырыбына қатысты негізгі ғылыми ұғымдар мен тұжырымдамаларға жан-жақты талдау жүргізіп, сыни ойлау мен эмоциялық интеллектінің психологиялық мәні мен құрылымдық компоненттерін қарастырып, «Сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоциялық интеллект компоненттеріне әсерін зерттеу моделін» жасап, эмпирикалық зерттеу дизайнын құрған. Айнымалылар мен әдістерді іріктеп, тәуелсіз айнымалы сыни ойлаудың көрсеткіштері мен тәуелді айнымалы эмоциялық интеллект компоненттеріне психологиялық әсерін анықтауға әдістемелерді іріктеп, күтілетін нәтижелерінің оң әсерін математиткалық статистикалық әдістермен дәлелдеген.

Диссертант өз зерттеуінде Спирмен корреляциялық талдауын жүргізу арқылы сыни ойлау өлшемдері мен эмоциялық интеллект компоненттері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді оң корреляциялық байланыстың бар екенін анықтаған және дәлелдеген ($\rho = 0{,}662$; $p < 0{,}001$). Зерттеу нәтижелері сыни талдау, дәлелдерді бағалау және мәселелерді шешу сияқты сыни ойлау көрсеткіштерінің эмоцияларды басқару, түсіну, тану және тиімді пайдалану компоненттерімен статистикалық тұрғыдан мәнді, салыстырмалы түрде жоғары оң корреляциялық байланысты көрсетіп, ғылыми негіздеген. Сонымен

қатар ANOVA дисперсиялық талдауы негізінде үш жылдық зерттеу барысында эксперименттік топта бақылау тобымен салыстырғанда тәуелсіз айнымалы – сыни ойлауды дамыту нәтижесінде тәуелді айнымалы – эмоциялық интеллект компоненттерінде айқын оң өзгерістерді анықтап, қалыптастырушы дамыту бағдарламасының тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеген. Алынған нәтижелер психологиялық ықпал ету жұмыстарының тиімділігін бағалау барысында қарастырылған көрсеткіштердің ғылыми және практикалық тұрғыдан құндылығын айқындады.

Диссертанттың маңызды ғылыми-практикалық нәтижелерінің бірі – зерттеу базасында дамыту бағдарламасы мен мектеп психологы және мұғалімдермен бірлесе әзірленген оқу-әдістемелік құралдың сыни ойлаудың эмоциялық интеллект дамуына психологиялық әсерін ескере отырып, білім беру тәжірибесінде қолдануға бағытталуы.

Жумакул Молбасынова зерттеу тақырыбы бойынша 17 ғылыми мақала жариялағанын ерекше атап өткен жөн. Бұл диссертанттың ғылыми ізденісінің нәтижелілігін, зерттеу мәселесін жүйелі зерделегенін және ғылыми-зерттеу қызметіндегі белсенділігін көрсетеді.

Диссертант зерттеу барысында ғылыми мәселелерді шешуде әртүрлі психодиагностикалық әдістемелер мен тиісті статистикалық талдау тәсілдерін тиімді қолдана отырып, ғылыми және практикалық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізген.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертант теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздеп, жүйелі түрде ұсынған.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, Жумакул Молбасынованың «Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ғылыми-теориялық және практикалық маңызы бар аяқталған ғылыми еңбек ретінде оң бағалаймын және оны қорғауға ұсынуды қолдай отырып, диссертантқа «8D03107 – «Психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге толық негіз бар деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми жетекші:

Южел Гелишли
Гази университетінің
PhD докторы, профессор
(Анкара, Түркия)
Tel.: + 90 505 319 23 95
E-Mail: ygelisli@gmail.com
01.09.2026ж